

Заңды тұлғалардың өздерінің құрылымдық бөлімшелері үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 наурыздағы N 97 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 12 наурыздағы N 357 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 5 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1817. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2004 жылғы 7 қаңтардағы N 3, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2004 жылғы 5 қаңтардағы N 5 бірлескен бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық Кодексі) сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған заңды тұлғалардың өздерінің құрылымдық бөлімшелері үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық төлеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Фискальдық саясат және болжамдар департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі
Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2002 жылғы 12 наурыздағы N 97
және Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 12 наурыздағы N 357
бұйрықтарымен бекітілген

Заңды тұлғалардың өздерінің құрылымдық бөлімшелері үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық төлеу ережесі

1. Заңды тұлғалар өздерінің құрылымдық бөлімшелері үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салықты мынадай тәртіппен төлейді:

жеке балансы мен банктық шоты, филиалдары мен өкілеттіктері бар өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық олардың орналасқан жері бойынша тиісті бюджеттерге төлеуге ж а т а д ы ;

жеке балансы мен банктық шоты жоқ өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық, егер осы бұйрықпен өзгеше белгіленбеген болса, Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстық бюджеттерге төлеуге жатады;

жеке балансы мен банктық шоты жоқ заңды тұлғаның бас ұйымымен Астана, Алматы қалаларының немесе бір облыстың аумағында орналасқан өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер үшін корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық заңды тұлғаның бас ұйымының есебін тіркеу орны бойынша тиісті бюджетке төлеуге жатады.

Бұл ретте, заңды тұлғаның бас ұйымы жеке балансы мен банктік шоты жоқ Астана, Алматы қалаларының немесе облыстың аумағында орналасқан өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелер үшін есептелген жалпы сомамен тиісті бюджеттерге корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық төлеуді жүзеге а с ы р а д ы .

2. Осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тәртіп құрылымдық бөлімшелері дербес әлеуметтік салық төлеуші ретінде қарастырылмайтын заңды т ұ л ғ а л а р ғ а қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген тәртіп заңды тұлғаның шешімі бойынша дербес әлеуметтік салық төлеуші ретінде қарастырылатын филиалдар мен өкілеттіктерге де қолданылады. Бұл жағдайда осы тармақтың мақсаттары үшін осы бұйрықтың 1-тармағының мәтіні бойынша бас ұйым деп филиалдар мен өкілеттіктер де түсінілуі тиіс.

4. Заңды тұлға бас ұйымының корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік салық төлеуі тікелей өз банктық шотынан жүргізіледі немесе өз құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі.

